

**"Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы № А-7/359 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № А-7/286 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 шілдеде № 4878 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № А-6/219 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.05.2016 № А-6/219 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы № А-7/359 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4347 болып тіркелген, "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде 2014 жылды 4 қазанды жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіpte және мерзімдерде Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

4. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 18 маусымдағы  
№ А-7/286

каулысына қосымша  
Ақмола облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 12 тамыздағы № А-7/359  
қаулысымен бекітілді

## **"Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы"**

**мемлекеттік мекемесі**

**туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінде осы Ереженің қосымшасын көрсетілген ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

3. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер

қабылдайды.

8. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Пушкин көшесі, 11а.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіннің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру респубикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

13. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері**

14. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

дene шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

1) дene шынықтыру мен спорты дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру;

2) спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жұмыстарын үйімдастыру;

3) дene шынықтыру-спортың үйімдар үшін мамандардың дайындығын үйімдастыру және реттеу, олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ мамандарды ұтымды пайдалану, спорттық қозғалысты насихаттау.

16. Функциялары:

1) спортшыларға: Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1

-разрядты спортшы спортың разрядтарын беру;

2) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтыруши, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру;

3) аккредиттелген республикалық және (немесе) жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, бұқаралық спорт бойынша, сондай-ақ ардагер спортшылар арасында облыстық спорт жарыстарын өткізу;

4) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың республикалық және халықаралық спортың жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз ету;

5) облыс аумағында бұқаралық спорты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;

6) облыс аумағында спортың іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуін үйрестіру;

7) облыс аумағында дene шынықтыру спорт ұйымдарын қызметін үйрестіру;

8) білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарын сабактан тыс және кешкі уақытта халық үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спортың іс-шаралар өткізу мақсатында пайдалану жөнінде шаралар қолдануды;

9) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спортың-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етуді;

10) облыс аумағында дene шынықтыру мен спорты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде дene шынықтыру және спорт саласындағы үәкілетті органға ұсыну;

11) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асыру;

12) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыру;

13) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың үлгілік оқу жоспарларын келісу;

14) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекіту;

15) Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президентінің – Елбасының тестілерін орындау жөніндегі жұмысқа басшылық жасауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай үлес төлеу;

17) дene шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіру;

18) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру;

19) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келісу.

#### 16. Құқықтары мен міндеттері:

облыстық басқармалар мен ведомстволардан, жергілікті атқарушы органдардан, меншік түріне тәуелсіз ұйымдар мен кәсіпорындардан ақпараттар, мәліметтер сұрау және алу;

дене шынықтыру мен спортты насихаттау және дамытуға бағытталған бұқаралық-спорттық іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері бойынша өзге мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасау;

кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, олардың қызметін әдіstemелік қамтамасыз ету бағдарламаларын бекітуге және үйлестіруге, конференциялар, семинарлар, оқытуудың және дene шынықтыру және спорт жөніндегі мамандармен тәжірибе алмасудың басқа да түрлерін ұйымдастыру;

әкімдіктің, облыс, аудан активтерінің, комиссиялардың, жұмыс топтарының отырыстарына, облыстың мемлекеттік органдары өткіzetін іс-шараларға қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомствоға бағынысты ұйымдардың басшыларымен, мамандарымен, жетекші жаттықтырушыларымен және спортшыларымен шарт жасау;

белгіленген тәртіpte дene шынықтыру және спорттық ұйымдардың үздік қызметкерлеріне құрмет атақтарын беру, оларды медальдармен, белгілермен, дипломдармен, жүлделермен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапаттау бойынша ұсыныстар енгізу;

республиканың сыртына шығатын спортшыларға, спорттық ресми делегацияларға осы мәселелерге басшылық етуші ведомстволармен келісіп, іссапарға шығу құжаттарын рәсімдеу.

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру**

17. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшысы жүзеге асырады.

18. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын дене шынықтыру және спорт саласындағы үәкілетті органының келісімі бойынша Ақмола облысының әкімінің өкімімен қызметке тағайындалды және қызметтен босатады.

19. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшының өкілеттігі:

1) "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшылық етеді.

2) Заңға сәйкес "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысшыларын, ведомствоға бағынысты мекемелердің басшыларын лауазымға тағайындалды және лауазымынан босатады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін және ведомствоға бағынысты білім беру үйимдарының басшыларын марапаттау, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) мемлекеттік органдарда, өзге де үйимдарда "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемені өкілдік етеді;

5) сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша шаралар қолданады және ол үшін дербес жауапкершілік атқарады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіліктерін қолданыстағы

заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының екілеттіліктерін анықтайды.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

22. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Ақмола облысының  
дене шынықтыру  
және спорт басқармасы" мемлекеттік  
мекемесі туралы ережеге қосымша

#### **Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік ұйымдарының тізбесі:**

1. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бөгенбай батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 1 облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "№ 2 облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қажымұқан атындағы № 3 облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Триатлоннан облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлерінен балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық олимпиада резервін даярлау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Жоғары спорттық шеберлік мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған Атбасар балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған Бұланды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған Жақсы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған Зеренді балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған Сандықтау балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мамандандырылған Степногорск балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Щучье балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17. Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мерген" мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорт клубы коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
18. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бурабай" спорт сарайы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
19. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Спорттың ойын түрлерінен спорт клубы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
20. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Оқжетпес" балалар мен жасөспірімдер футбол мектебі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
21. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Оқжетпес" футбол клубы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;
22. "Арлан" кәсіби хоккей клубы жауапкершілігі шектеулі серіктестегі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК